



№1 (175), 2023
(Қаңтар-Январь)

МЕКТЕПТЕГІ ПСИХОЛОГИЯ ПСИХОЛОГИЯ В ШКОЛЕ

Журнал 2006 жылдың қаңтар-ақпан айынан бастап
қазақ және орыс тілдерінде шыға бастады.

Журнал издается с января-февраля 2006 года на казахском и русском языках
2011 жылдан бастап ай сайын шығады – С 2011 года выходит ежемесячно

(Республикалық ғылыми-теориялық және қолданбалы журнал – Республиканский научно-теоретический и прикладной журнал)

МАЗМҰНЫ - СОДЕРЖАНИЕ

Сұлтанмахмұт Торайғыровтың (1893-1920) психологиялық
пікірлері.....3

Орта ғасырлық ғұлама ғалым Мұхаммед Хайдар Дулатидің
(1499-1551) психологиялық көзқарастары.....12

А. АБЖАЛИЕВА

Отбасы тәрбиесінің бала психологиясына ықпалы17

Т.Б. ДРОБА

Профилактика вредных привычек.....21

А.Т. САДЫКОВА, М.П. КАБАКОВА

Сохранение психического здоровья как условие успешной
личности23

А.К. КУТУБАЕВА, А.Ж. МУКАНОВА

Психожаракаттық жағдайдан шығудың ұсыныстары27

А. ХАЛЫҚОВА

Оқу-тәрбие процесінде арт-терапияны қолдану
ерекшелігі30

М. ДЖАМАЛИЕВА

Ұжымда жағымды моральдық-психологиялық климат
туғызуға арналған тренинг33

Т. САТЫМБЕКОВА

Жоғары сынып оқушыларының мамандық таңдауына
арналған жаттығулар.....36

Э. СМАГУЛОВА

Психология – болашақтың мамандығы41

Тізім – Перечень.....43

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

«Педагог LTD» ЖШС

Бас редактор –

Ақнұр ОЛЖАЕВА

Ғылыми редактор –

М. АХМЕТОВА

20. 05. 2010 ж.
ҚР Байланыс
және ақпарат
министрлігінде
қайта тіркеліп, №10964-Ж
куәлігі берілді.

Басылым индексі: 75487

Басуға қол қойылды

27. 01. 2023 ж.

Офсеттік басылым.

Тапсырысы: 320.

Редакцияның

мекен-жайы:

050036, Алматы қаласы,

Мамыр-2 ы/а, 13-7.

Тел/факс:

8 (727) 255-72-94.

Ұялы тел: 8 777 194 94 58,

8 777 303 37 67.

Эл пошта:

pedagog-ltd@mail. ru

Журнал <<Print

House GERONA>>

типографиясында

басылды.

Алматы қаласы, Сәтбаев

көшесі 30А/3, 124.

Көркемдеуші және

беттеуші:

Нұрзат Раймқұлова

Редакциялық алқа: Редакционная коллегия:

М. Ахметова – редакция алқасының төрағасы, психол. ғ. д., проф.
(Алматы, «Қайнар» Академиясы)

О. Саңғылбаев – психол. ғ. д., проф.
(Алматы, ҚазҰПУ)

М. Перленбетов – психол. ғ. д., проф.
(Алматы, «Қайнар» Академиясы)

Б.Р. Кадыров - д.пс.н., профессор
(Узбекистан, Ташкентский филиал МГУ им. М.В. Ломоносова)

М. П. Кабакова – канд. психол. н., доцент (Алматы, КазНУ)

Ш. Сатиева – психол. ғ. к., проф.
(Семей, «Семей ун-т»)

Ә. Көкебаева – психол. ғ. д., проф.
(Көкшетау, «Көкшетау ун-т»)

Ұ. Төлешова – п.ғ.к.
(Алматы, ҚазҰПУ)

Б. Бейсекеева – педагог-психолог
(Павлодар обл.)



Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілермен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Журналға шыққан материалдардың стильдік қателіктеріне редакция жауап бермейді. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды.



Опубликованные материалы не отражают точку зрения редакции. Ответственность за достоверность фактов и сведений в публикациях несут авторы. Рукописи и фотографии не рецензируются и не возвращаются.

Главный редактор –
Акнур ОЛЖАЕВА
Научный редактор –
М. АХМЕТОВА

Журнал перерегистрирован в Министерстве связи и информаций РК.
Свидетельство №10964-Ж от 20. 05. 2010 г. Астана.
Подписной индекс: 75487

Подписано в печать 27. 01. 2023 г.
Печать офсетная.
Заказ 320.

Учредитель:

ООО «Педагог LTD»

Адрес: 050036, г. Алматы,
Мкр. Мамыр-2, 13-7.

Тел./факс: 8 (727) 255-72-94;
сот. т.: 8 777 1949458, 8 777 3033767

Эл. почта: pedagog-ltd@mail.ru

Дизайнер-верстальщик
Нурзат Раймукулова

Журнал напечатан в типографии
<<Print House GERONA>>
г. Алматы, ул. Сатпаева, 30А/3,
124-офис.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word бағдарламасында сақтап жіберіңіз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөніңізді толық жазыңыз. Мақаланызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Факс арқылы, бағалы хат арқылы да редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

ОБРАТИТЕ ВНИМАНИЕ!

Представляемые материалы должны быть напечатаны на компьютере и сохранены в формате программы Microsoft Word. Объем не более 2-х страниц. Сведения об авторе должны быть точными и полными. К высылаемому материалу приложить копию квитанции о подписке на журнал. Материалы отправляйте электронной почтой (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru), факсом или заказным письмом.

Үстіміздегі жылдың қазан айында халқымыздың ұлы Абайдан кейінгі екінші бір аса талантты ақыны, философы, психологы, қоғамдық ғылымдардың басқа да саласынан сындарлы пікір айтқан, аз ғұмыр кешсе де (бас аяғы 27 жыл), артына өшпес мұра қалдырған Сұлтанмахмұт Торайғыровтың туғанына 130 жыл толып отыр.

Төменде біз ғұлама ақынның психологиялық мұрасын қазақ, орыс тілдерінде жариялап отырмыз.

Сұлтанмахмұт Торайғыровтың (1893-1920) психологиялық пікірлері

XX ғасырдың басында өмір сүрген қазақтың аса талантты демократ ақыны Сұлтанмахмұт Торайғыровтың психологиялық пікірлерінің негізгі желісі Қазан төңкерісі алдындағы дала өміріндегі дүрбелеңмен сабақтасып отыратындығы белгілі. Сондықтан да оның пәлсапасынан қоғамдағы өзгеріс, жаңа заманның лебі жақсы байқалады. Мәселен, оның таным жайлы пікірінің негізгі түйіні: бізді қоршап тұрған сыртқы дүниенің ұшы қиыры жоқ, ол санасыз атомдардан тұрады, жан тәннің өзіндік заңдылықтарына орай көрініп отырады деуі – ғылыми тұжырымның жақсы айғағы.

«Ойласам дүниеде қанша жан бар,
Адам бар, ағаш бар, мал мен аң бар.
Жанды, жансыз нәрсенің бәрі дағы,
Әр себептің жемісі байқасаңдар.
Қасқыр болмақ, құс болып, ұшып қонбақ,
Сол болғандар, болмаған өздігінен,
Болғызған еріксіз бір себеп қолдап».

С.Торайғыровтың пікірінше, адам табиғаттың туындысы. Ондағы себептіліктің жемісі. Ол дүниенің сырларын біртіндеп ашып, оны шама-шарқынша өзгертіп отыратын белсенді тұлға. Адам сыртқы дүниемен байланыса отыра, оны біртіндеп тани береді, сөйтіп өзінің ақыл-ойын дамытады, оның ешбір рухани қасиеті тумысынан пайда болмаған. Ақыл бізді қоршап тұрған дүние сыры мол, бірақ оны тануға әбден болады дей келіп, мұнда ғылымның алатын орны ерекше екендігін былайша түйеді:

«Зерттесе де адамға білмейтін ғып,
Дүние ешбір сырын жасырмаған...
Әлемдегі терең сыр,
Ғылымнан ғана ашылмақ...»

Дүние, табиғат, тіршілік жөнінде осындай ғылыми жаратылыстық пікір айтқан ойшыл ақын айналада болып жатқан дүбірлі өзгерістер мен оқиғалардың шығу себебін, олардың түпкі негізінің неде жатқандығын, қозғаушы күштері кімдер екенін ажырата алмай, бұлардың басты себебін адамның ақылы мен ой-санасынан іздейді.

С.Торайғыров қазақтың ұлы ойшылдары Ш. Уалиханов, Ы. Алтынсарин, А.Құнанбаев шығармашылығындағы сан тарапты озықты өнегелі идеяларды

әрмен қарай дамыта түсіп, қазақтың қоғамдық ой-пікірінің дамуына елеулі үлес қосты. Ол әсіресе, қазақ зиялыларының педагогика және психология мәселелері жайлы айтқан салиқалы пікірлерін ғылыми жағынан ширата түсті. Мәселен, ол кезінде Абай қолданған психологиялық ұғымдарды (арман, көңіл, ой, ерік, жігер, қайрат, т.б.) онан сайын сапалай түсіп, мәнін айқындап түсіндіріп берді. Әрине, Сұлтанмахмұт шығармаларында жан қуаттары ғылыми атаулармен аталмайды және олардың әрқайсысына жеке талдау да жасамайды. Сұлтанмахмұт мұндай мақсатты алдына қойған да жоқ, өйткені ол да Абай сияқты ғалым-психолог емес еді.

С.Торайғыров қазақ тарихында бірінші болып жан мен тәннің яғни психика мен мидың (дененің) ара қатынасы туралы мәселе көтеріп, бұл екеуінің өзара байланысын ғылыми тұрғыдан дұрыс түсіндірді. Ол жан мен тәннің ылғи да бірлікте тұтастықта, байланыста болатынын айта келіп:

«Дене азыққа тоюдан жан ер жетер...

Жан ер жетіп, дүниенің сырын табар...», - деп адамның тәні өсу мен қатар жаны, ақыл-ойы, сана-сезімі де бірге өсіп, («жас тән мен сезім, білім қабат өсіп») жетіліп дамып отырады дейді. Тән мен жанның қоса өзгеруінің негізін Сұлтанмахмұт тәнде, яғни мида деп түсінеді. Адам өлгеннен кейін онда «қимыл жоқ, сезім жоқ..., жек көру жоқ..., өмір жоқ, яғни бір сөзбен айтқанда, тәннен бөлінген жанда ешуақыта өмір болмайды», - деп, осы мәселені материалистерше баяндайды.

XIX ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген қазақ ғұламалары сияқты Сұлтанмахмұт та адам тағдыры жайлы, оның қоғамдағы орны мен арман, мүдде-мақсаты туралы көп ойлап, терең толғанады. Ол еңбекші халыққа жаны ашып, дала өміріндегі тұрмыстың бүкіл тауқыметі кедей атаулының басында екендігін өмірдегі адамға қажетті нәрсенің бәрі де осылардың қолымен жасалып жатқандығын, ал патша отаршылары мен олардың жергілікті жердегі жаңдайшаптары бұларды сүлікше сорып отырғандығын жақсы аңғарады. Ақынның ойынша адам – өскен ортасының, өмір сүрген жағдайының туындысы. «Дүниедегі нәрсенің бәрі, - деп жазды С.Торайғыров «Кедей» поэмасына жазған эпиграфында, – белгілі бір жағдай мен орта әсерінің нәтижесі. Бұл жағдай ортаны жасау-жарату адамның қолынан келеді, адамның хайуанаттан өзгешелігі де осында, адамның ақыл-ойымен табылған нәрсенің бәрі де осылай жасалған». С.Торайғыров адам психологиясының қалыптасуы іс-әрекет үстінде болып отыратынын, мұнсыз сана-сезімнің дұрыс қалыптасып, дамымайтынын, адам тірішілігінің мазмұнын да қоршаған ортасы, әке-шешенің де «Көргені әке-шеше қандай болса, алмақшы содан үлгі баласы да» дегендей, жас ұрпақ санасының қалыптасуында шешуші роль атқаратындығын жақсы түсінген:

«Жақсылық көрсем өзімнен,

Жамандық көрсем өзімнен.

Тағдыр қылды деулерді,

Шығарамын сөзімнен»,

– деп ол адамның психологиясы тағдырға, жазмышқа байланысты емес, керісінше оның өскен ортасына, бәрінен бұрын нақтылы іс-әрекетіне тәуелді екендігін айтты. Ақын қоғамдық жағдай адам психологиясына ерекше әсер етіп, терең із қалдыратындығын, әр түрлі қоғамда адамның сана-сезімі де түрліше

болып қалыптасатынын нақты деректермен, «Кедей» поэмасында өте нанымды көрсеткен.

С.Торайғыров шығармаларында ерекше бір көңіл аударатын мәселе – оның адамның әр түрлі жас кездеріне байланысты жасаған психологиялық талдаулары. Ол қазақтың ой-пікір дамуының тарихында осы мәселені ғылыми тұрғыдан күн тәртібіне алғаш рет қоя білген ғұлама. Ақын адам психикасының дамуын басты-басты төрт кезеңге (балалық шақ, жігіттік, ересектік, кәрілік) бөледі. Ол бұлардың бір-бірінен ерекшеліктерін жәй қарапайым пайымдаулармен шектемей, ғылыми сарапқа салуды ойлаған. Мәселен, «Адасқан өмір» поэмасының «Мен жігіт» деп аталатын бөлімінде ол жігіттік шақтың психологиялық ерекшеліктерін былайша сипаттаған.

«Мен жігіт, он бес – отыз арасында,

Бұл жаста көп бересі – аласым да ...

Жалыны бойға сыймай сырттан көрініп,

Күн сайын тұрады артып қайрат-күшім»,

- деп түйеді ақын жігіттік, бозбалалық кезеңнің басты ерекшелігін. Расында да адам баласының осынау бір кезеңі психологиялық жағынан да аса бір қызық шақ. Осы кезеңнің қызығын халқымыздың ақын-жыраулары бұрын да аз жырламаған. Бірақ олардың ғылыми сипаттамасы жетіспей жататын. Сұлтанмахмұт, жас жігітке тән қасиеттерді жай тізе бермей, олардың әрқайсысының сыр-сипатын, мәнін ашуға талаптанады. Жастық шақ – адамның жеке күші мен рухани тіршілігінің кемеліне келетін кезеңі. Жас адам ылғи да албырт, қажырлы, іс-әрекет пен қимылдарға құштар. Оны ойландырмайтын нәрсе жоқ, нағыз романтик, тауды қопарып тастағысы келеді, оған «Сырдың суы сирағынан келмейтін» тәрізді. Жас адам өз мүмкіндігін, қабілет, дарынын көруге де ынтызар:

«Алдымда толған мақсат, толған таңдау,

Алайын мынасын ба, анасын ба?..»

- деп осылайша дүниеге зор сеніммен қарайтын жас адамның таудай талабы мен қиялының шарықтамайтын жері жоғын, көксеген арманының есепсізін, оның асыл мұрат іздейтіндігін сөз етеді. Жас кезінде адам өмір қыспағынан қорқа бермейді. Онда күйреп, босқа қорқу деген жоқ, ол ержүрек, батыл адам. Оған тән ерекше қасиеттің бірі – алдағы жерде жұртқа беретін де, одан алатыны да көп, алда тұрған сансыз мақсат, қайсысын таңдап аламын десе де, ерік өзінде. Ол үшін бәрі де мүмкін қол жетпес ештеңе жоқ. Осы айтылғандардың бәрін ақын былайша түйіндейді:

«Ұқпаймын қол жетпейтін бақыт бар деп...

Үміттімін алдар деп және ұқпаймын...

Қарын тоққа қанағат қылатұғын,

Мен емес, тәнім тірі, жаным өлік.

Ірі мақсат болмаса, ұзақ іске...

Неге мен алданамын уақыт бөліп...»

Ақын шығармаларында жастық шақтың ерекшеліктері «сезімді ыстық жүрек», «дүние мен үшін жаралған», «қайғы алған жоқ жүректің бір бұрышынан», т.б. дегендей тіркестермен сипатталып отырады. Сұлтанмахмұттың жігіттік кезеңдерге байланысты айтатын ойының түйіні, жастық шақ қызығы мен қиыны мәңгі таусылмайтын, адам бақытын іздеуде таптырмайтын өте қолайлы кезең,

сондықтан да шамаң келгенше осы кезде құлашыңды сермеп бақ. Өмірдегі орының қандай, нені таңдауың керек – гәптің үлкені міне, осында. Байлық, өкімдік, атақ, махаббат, т.б. адам бақытына қандай қатысы бар? Ақын осылардың барлығына шолу жасай келіп, шын бақыт әділдікте, білімде, адал еңбекте деп өз ойын «Адам бағындырудың асылы еңбек, түбінде еңбексізді еңбек жеңбек», - деп дұрыс қорытынды жасайды. Ақын жастық шақта адамның ақыл-ойы интеллектісі өте алғыр, дүниені танып білуге құмарлығы күшті, сондықтан да осы кезде оқуға, білім алуға ерекше ұмтылу қажет дейді. Бұған ата-ана, ағайын-туыстың жақсы ақыл-кеңесі де ауадай қажет. Білім алу, бәрінен бұрын адамның өзіне байланысты. Ол үшін үлкен ерік-жігер, ұғарлық зейін, зор үміт, таудай талап, шын ықылас, ұғымталдық, зеректік, т.б. аса қажетті шарттар. «Оқу инемен құдық қазғандай», ол еріккенің ермегі емес дейтін тұжырымды мына төмендегі шумақтардан жақсы аңғаруға болады.

Таусылмас ғалым теңіз шалқып жатқан,

Өмір бойы оқысаң бір таусылмаған.

Қиындығы қинайды жанға батқан,

Білімге қарсы тұрар қандай күш бар

Бас иер талай мырза кеуде қаққан...

Оқу малды тыңдамас, зейін тыңдар...

Молда атанған жақсы ғой, оқу болса

Баста зейін кеудеде тоқу болса...

Адамның көңіл күй ерекшеліктері, сезім-эмоция секілді жан сыры да С.Торайғыров шығармаларында біршама сөз болған. Басқа жан құбылыстары сияқты адамның сан алуан сезімдерін (қуаныш, қайғы-қасірет, реніш, т.б.) сыртқы ортаның, яғни белгілі себептердің нәтижесін тауып отырады дейді. Адам сезіміне әсер етпейтін нәрсе жоқ. Оған табиғат құбылыстары адамның суық және жылы сөздері де, денсаулық жайлы «Тұрмыс күйі де, т.б. үнемі әсер етеді. Сезім адам организмінде – бет пішінінде, көз жанарында, қас қабағында, т.б. әр түрлі қимыл-қозғалыстар тудырады, ол жүрек жұмысына да байланысты дейді:

Сезімнің сыртқа шықпас түсі бар ма?

Оны жасырар адамның күші бар ма?

Біреу күй, біреу пішін, біреу сөзбен

Көрсетпейтін жүректің іші бар ма?

С.Торайғыров адамның ең жоғары сезімдерінің (эстетикалық, адамгершілік, т.б.) табиғатына ерекше көңіл бөледі, бұлардың қалай пайда болып, қалыптасып отыратындығын сөз етеді. Мәселен, оның айтуынша «жақсы ән мен тәтті күй», яғни жақсы музыкалық әуен адам құлағының құрышын қандырып қана қоймай, оның сұлулық, әсемдік сезімдерінің қалыптасуына да ерекше әсер етеді. «Халықтың арғы-бергісін» қозғап, - деп жазды ол «Өлең һәм айтушылар» деген мақаласында, - естеріне түсіріп, мұң-мұқтаждарын зарлап, кем-кетігін көрсетіп, әдемі дауыспен құйқылжытып тұрғанда қандай тас бауыр болса да жібімеген еркіне қоймайды. Халықтың қайдағы-жайдағысы ойына қозғалыс түсіп, қандары қайнап, тіпті арқалары қозып кетеді. Әркімнің көңіл көздерінен жастар моншақтап, бойлары балқығандай шарт та шұрт қол шапалақтасып... тарқайды». Осы үзіндіде ақын ән мен күйдің қандай тас бауырды да жібітіп жіберетінін, қанды қайнататын, көзден жас ағызып, бойды балқытатынын, т.б. адамның ішкі

жан-дүниесін нұрландырып байытатындығын, сөйтіп адамды ерік-жігер ләззатқа бөлейтіндігін айтып отырады.

Сұлтанмахмұт адамның ерік-жігер қасиеттері туралы да сындарлы пікір айтқан ақын. Оның шығармаларының кейіпкерлері қажыр-қайратқа толы, әрқашан да күреске әзір, ылғи да іс-әрекет үстінде, көздеген мақсатына жету жолында тынбастан қимылдап, тіршіліктің тиімді жолдарын іздейді бұларда түбінде жеңіске жетеміз деген сенім баршылық:

Тұрмыста үмітім көп жеңем деген,
Жігерімді жеңуіне сенем деген.
Ырқыма жүрер менің қай дүние,
Көнбесе өз ырқыма өзім денем...
Мен де жоқ қажу деген де, ашу деген,
Тарығып, болымсызға жасу деген..

Бұл жерде ол белсенділік, қажыр-қайрат, төзімділік, шыдамдылық, өзін-өзі билей алу, батылдық, қауіп-қатерден жасқанбай қиыншылыққа мойымау, т.б. – адамның тамаша ерік-жігер қасиеттері жайлы толғайды.

Қайрат-жігері ерекше күшті, мінезі темірдей берік адам ғана көздеген мақсатына жете алады. Ақын жастарға: «жігерлі бол жасыма, жасқанба, қылышпен шапса да, найза сұқса да, бейнеттің сан алуан түрлеріне төзе біл, ылғи да таудай талабың болсын («Талпыну бар, талап бар, бүйткен адам оңады»), келешектен күдеріңді үзбе, ылғи да талпынып күресе бер, өмір деген толған күрес, тәуекелге бел байла да күресе түс, оны жеңбей қойма («Тәуекел күреске түс, бардағы жең»), босқа ынжық болма, жалғыз ғана оқумен теңелмейсің алауыз азған, қоянжүрек қорқақ болма, кез-келгенге құлай берме, біреуге босқа алданып қалма» деп талай рет тебіренген ғой қайран ақын. Абайдың да, Сұлтанмахмұттың да жастарға айтпақ ойы ортақ: олар мына дүниеден өз орындарыңды таба біл, адам бол, қатарыңнан қалма, үнемі ілгері қара, жігерлі де, талапты бол, жалқаулыққа, еріншектікке салынба, ерінбей еңбек ет! Сонда ғана мұратыңа жетесің, өмірден орныңды табасың дейтін теңдесі жоқ ақыл-кеңестер берді.

Ақын шығармаларында бұдан басқа да әр түрлі психологиялық құбылыстардың табиғаты сөз болады. Мәселен, Сұлтанмахмұт адамның әр түрлі қабілеті мен таланты, мінезі іштен тумамайтынын, олар іс-әрекет үстінде қалыптасатынын, барлық адамның қабілеті де бірдей болмайтындығы жайлы айтады. «Қазақ ішінде оқу, оқыту жолы қалай?» деген мақаласында былай дейді: «Балаларының жайын түсіндіріп реттеймін деуге көне қоятын қазақ па? Біреуінің баласы жүйрік, бірінікі жорға, бірінікі шабан». Осындай пікірді ол басқа шығармаларында талай рет қайталаған еді. Мәселен, «Секілді өмір қысқа, жарты тұтам» деген өлеңінде:

«Денеден-ақ көрініп тұрған жоқ па,

Саусақтың алалығы біткен қолға», - деп ақын адам психологиясының кейбірі туыстан берілетіндігін астарлы сөзбен білдіріп отыр. Адамның қабілет, талантының түрліше болуы оның тума ерекшеліктеріне де (нышандарына) тәуелді болып отырғандығын айтады. Бірақ, сайып келгенде, адамның қабілет, таланты, нәтижелі іс-әрекеті бәрінен бұрын өзіне, адамның белсенді қимыл-қозғалысына байланысты. Сұлтанмахмұт бұл жайтты да ескерген. Оның «Оқу малды таңдамас, зейін таңдар... Оқу бай, көдей, жақсы, жаман деп таңдамайды, кім

ыждиһаттанып ықыласын салса, оқу содан табылады» дейтін пікірлері біздің соңғы айтқанымызға жақсы дәлел бола алады.

Ақын ерекше мән беріп, көтерген тәлімдік мәселесінің бірі – жастарды ана тілді ардақтап, оны қадір тұтып, сүйе білуге тәрбиелеу мәселесі. Әр халықтың ұлттық психологиясының негізгі бір жағы – сол ұлттың тілі. Ұлттық тіл сол халықтың нақты тарихы, оның өмірінің, сана-сезімінің, ғасырлар бойы қалыптасқан әдет-ғұрпының шежіресі. Кім де болса өз халқының тарихын, оның тілін дұрыс білмейінше, әрі жан-тәнімен сүймейінше өз халқының адал перзенті, сүйікті ұлы бола алмайды. Өз ұлтың, ұлттық тілін жөнді қадірлемейтін адамнан шын мәніндегі интернационалист шығуы да қиын. Ана тілінің адам психологиясынан алатын орнын жақсы көре білген Сұлтанмахмұт, оны жастарды адамгершілік пен имандылыққа тәрбиелеудің басты құндылықтарының бірі деп түсінген. Ақын ұғымында ана тілі туған халқының, өзіне ақ сүтін беріп, әлпештеп өсірген ананың тілі. Дүниеде анадан жақын не бар? Сондықтан да осы тілді қадірлеп, ерекше құрмет тұтқан абзал. Ана тілі – бұл өмірге жаңа ғана келген нәрестенің ә дегенде еститін бірінші дыбысы, ол жас өспірім жеткіншектің қинала әлемді тамашалағанда білдіретін көңіл-күйі, ол бозбала мен бойжеткеннің бір-бірімен табысуындағы жүрек тілі. Олай болса, осы тілді ардақтап, ерекше қадір тұту қажет, қандай жағдайда да адамның бойында оның рухы сақталуы тиіс. Өз ана тілінде «шүлдірлеп, шолжаңдап, жығылып-сүрініп» жүруге болмайды. Тіл қайнаған қанның, тебіренген жанның, толғанған көңіл мен жүректің сығындысы, тілде әр кез маңыз және дәм болуы қажет. «Қазақ тілінде бастырған кітаптардың көбінде қазақтың иісі де жоқ, дені бытпырақ, қазақтағы «сіріге жамаған былғарыдай» деп, ақын өз ана тілін ардақтап, қадір тұтпайтын адамдарды аяусыз мінеп-шенеді, жастардың ана тіліндегі сауаттылығы үшін мұғалімдер мен ата-аналар қатты ойлануы қажет дейді. Өршіл де ойшыл ақынның осынау пікірлері қазіргі тіл туралы заңның іске асуы барысында қаншама маңызды екендігі өзінен-өзі түсінікті.

Психологические взгляды Султанмахмуда Торайгырова (1893-1920)

В предоктябрьском Казахстане широкую известность приобрел выдающийся молодой поэт С. Торайгыров, человек, отдавший весь свой талант борьбе за счастье угнетенных, за торжество справедливости на казахской земле. В начале XX-го столетия он одним из первых принимает эстафету казахского просветительского движения и активно участвует в общественной жизни.

Наследие Торайгырова – это художественная летопись жизни казахского народа начала XX века с ее сильными и слабыми сторонами. Непродолжительна, но очень плодотворна была деятельность этого человека. Жизнь его – горение и непрерывные искания. Он был неутомимым борцом за освобождение угнетенного казахского народа. «Я бы солнцем взошел над землей, озарив родные края» - так охарактеризовал поэт в одном из стихотворений сокровенные желания и смысл своего творчества.

В поэме «Адасқан өмір» («Заблудившаяся жизнь») поэт ярко очертил свою философскую концепцию. По мнению просветителя, все явления и предметы

внешнего мира совершаются по объективным законам природы, мир есть бесконечная и вечная смена форм бытия, в нем ничто не исчезает бесследно, в нем нет беспричинных явлений («начиная от камня, травинки и деревьев, кончая птицами, зверями и человеком – все подчиняются законам причинности»). Мир состоит из мельчайших атомов, неуничтожим и находится в постоянном изменении и обновлении, но он вполне познаваем. Человеческий разум в результате научного прогресса все шире и глубже познает причины всех явлений окружающего мира*.

Талант Торайгырова многогранен и всеобъемлющ. Он проявился не только в поэзии и прозе, но и в литературной критике, художественной публицистике, этике, эстетике, социологии, атеистических взглядах**.

В произведениях «Оқып жүрген жастарға» («Обучающейся молодежи»), «Оқу» («Учеба»), «Орнымыз медресе оқып жатқан» («Мы учимся в медресе»), «Шәкірт ойы» («Думы шакирта») и др. С. Торайгыров довольно ясно и определенно выразил свою точку зрения по актуальным вопросам обучения и воспитания казахов. Непосредственная учительская работа Торайгырова способствовала интенсивному становлению его психолого-педагогических взглядов. В вышеуказанных произведениях поэт-просветитель высказывает ряд интересных мыслей о народной психологии казахов, о различных сторонах психической жизни человека, о воспитании и обучении детей, а также о других животрепещущих проблемах просвещения и культуры казахского общества рассматриваемого периода. Правда, С. Торайгыров не выдвигает стройное учение, не дает глубокого научного анализа тех или иных психологических проблем. Как поэт, он не ставил перед собой такие задачи, не занимался разработкой научных проблем казахской психологической мысли.

В произведении «Адасқан өмір» сконцентрированы психологические идеи поэта-просветителя. В частности, здесь автор анализирует различные стороны душевной жизни человека, говорит о роли таланта, способностей, интереса, стремлении, прилежании в психической деятельности людей. Так, придавая важное значение воспитанию и обучению в психическом развитии человека, поэт не умаляет роли природных задатков. По мнению поэта, в каждом ребенке заложены какие-то задатки определенных способностей, т.е. потенциальная возможность, но их надо умело выявлять и развивать («талант требует постоянного ухода; его надо лелеять, как младенца»). Талант должен быть достоянием всех, служить обществу, а не только принадлежать одному человеку. Без кропотливой работы над собой, без твердых знаний, умений и навыков, практи-

* Торайгыров С. *Избр.* Алма-Ата, 1958. С. 66. (В дальнейшем сноски делаются по этому изданию)

** О творчестве С. Торайгырова имеются историко-филологические исследования Б. Кенжебаева, А. Дербисалина, Б. Шалабаева, И. Дюсенбаева и др. В работах К. Бисембиева, М. Дюсенова, М. Нургалиева нашли освещение философские, этнические взгляды поэта-мыслителя. В публикациях К. Бержанова, К. Койбагарова, А. Сембаева, М. Храпченкова в образной форме излагаются психолого-педагогические идеи поэта-просветителя.

ческого опыта сам талант, каким бы выдающимся он ни был, большой общественной значимости не представляет. («Без знания талант как камень, никакой пользы человеку не принесет»), С. Торайгырову принадлежит ряд ценных мыслей и по отдельным вопросам психологии обучения, по проблемам дидактики. Так, в статье «Как обстоит дело с образованием и обучением казахов?» (1913), выдвигая ряд ценных предложений по реорганизации системы обучения в казахской степи, он критикует схоластические методы в старой конфессиональной казахской школе (мектебі), требует введения новых форм и методов обучения. Торайгыров считает, что только многостороннее светское образование, изучение предметов естественно-гуманитарного цикла (химия, физика, география, история, родной язык и т.д.) может расширить кругозор учащихся, пробудить их познавательную активность и развить мышление.

Для усвоения знаний, писал поэт, учащимся необходимо иметь также «ясный ум» и прилежание. Зубрить, «не проникая в суть умом» - бесполезное дело «Знания не являются достоянием невежественных богачей...», наука «под силу лишь способному и старательному».

С. Торайгыров в восторге от новой системы обучения детей казахов. «Улучшились правила обучения, - писал он, - неузнаваемыми стали и сами учителя. Все это благотворно влияет на учащихся». В одной из своих публицистических статей он выдвигает задачу перед учителями русско-казахских школ: «Теперь с удвоенной силой нам нужно учиться по-новому, осваивать знания и ремесла».

В психологическом плане особо заслуживают внимания мысли С. Торайгырова, высказанные о родном языке как о главнейшем источнике, факторе и средстве воспитания подрастающего поколения. Так, глубочайшей любовью проникнуты все его мысли, высказанные о казахском языке, в котором содержатся вековые думы и чаяния этого народа, его национальный характер, его стремления, все его историческое прошлое, на котором строится настоящее, открывающее путь к будущему.

По мнению поэта-просветителя, первые слова, с которыми ребенок обращается к матери, - это слова родного языка. Слова, которыми отроки обращаются к своим сверстникам (курдас) и делятся впечатлениями о красоте окружающего мира, слова, которыми юноша объясняется в любви, - это тоже слова родного языка. Понятия вещей и предметов человек также выражает на своем родном языке. Для каждого человека, к какому бы общественному классу или сословию он ни принадлежал, родной язык является основным средством передачи мыслей.

С. Торайгыров здесь как бы повторяет высказывания К.Д. Ушинского о родном языке. «Отечественный язык, - писал великий русский педагог, - единственное орудие, посредством которого мы усваиваем идеи и знания, а потом передаем их». Высказывания казахского поэта о родном языке прежде всего были направлены против тех, кто без надобности засорял казахский язык «чужеродными неуклюжими выражениями»... «Творения» таких авторов, - писал он, - были скроены из лоскутков, из обрывков мыслей», они затуманивали «головы людей небылицами». О таких писаках Торайгыров с возмущением говорил «Во многих книгах, написанных по-казахски, нет и признака казахского духа. В них какой-то смешанный язык, а по своему слогу они напоминают

бабий крик, засорены чужеродными неуклюжими выражениями, и, читая их, спотыкаешься, словно едешь на хромом осле». Казахский дух пришит к ним, как кусочек к заднику сапога. Поэт с большим гневом и строго осуждал отдельных учителей русско-казахской школы, которые пренебрегают родным языком, и указывал, что такие горе - наставники жертвуют не только умственным, но и морально-психологическим развитием детей. «Когда мы смешиваем, старые и новые слова - писал С. Торайгыров, - то первые походили на чистые сливки, а вторые – на мутный осадок, так они несовместимы! Писать в наши дни чисто по-казахски – значит быть понятным для всех масс казахского народа. Когда же изъясняются по-ученому, простой народ ничего не понимает, он оказывается в положении глухонемого».

В психологическом плане несомненный интерес представляет периодизация возрастов и их характеристики, которые С. Торайгыров дает каждому из этих периодов человеческой жизни. Он разделяет весь жизненный путь человека на главные четыре этапа: младенческий, молодость, период зрелости и старость. Каждый из возрастных этапов развития человека получает у С. Торайгырова оригинальную психологическую характеристику. Так, в главе «Младенчество» он обращает внимание на особенности детской психики, подчеркивает, что в дошкольном возрасте ребенок непосредственен, не знает, что на свете существует подлость, неравенство, лицемерие («Мне все равно: что русский, что казах, что бай счастливый, что кедей (бедняк) несчастный, безгрешен я, как ангел в небесах, не знаю ни тревоги, ни лишений»). Поэт-мыслитель говорит, что все дети от рождения равны, ребенку чужды те пороки, которые окутывают его позже. Он не знает, что такое обман, зависть, он не угодничает и не унижается, у него нет предрассудков, понятия величия, поклонения богу. Ребенок, появившись на свет, как бы представляет себя обществу: Вот я прибыл, рассчитывая на ваше уважение! Я свободный, я чистый, я хочу расти! Я вручаю свою судьбу в ваши руки! Но будущее ребенка зависит от многих обстоятельств. Дитя еще не знает того, что общество заставит его, потом преклоняться перед «царем, богом и золотом» и сделает его или бессердечным богачом, или бедняком и нищим. По мнению автора, новорожденный сначала лишь беспомощное существо, выражающее себя только в простейших реакциях. Но постепенно у него складываются свои представления, он узнает все больше людей, круг его понятий о действительности расширяется. Он вступает с миром в активный контакт, который осуществляется через игровую деятельность. Игра развивает чувственный мир ребенка, обогащает его новыми разнообразными знаниями. В игре ребенок стремится ко всему новому, и это стремление беспредельно. С. Торайгыров все эти особенности детской психики иллюстрирует из жизни детей казахского этноса, выявляя их отдельные этнопсихологические особенности.

Охарактеризовав психологию младенческого возраста, С. Торайгыров затем переходит к описанию психологических особенностей личности молодых людей («Я молод и силен, глаза горят и брызжут щеки кровью и здоровьем... Я дерзок и упрям, в себе уверен... Мне кажется, лишения и трудности легко преодолимы, но прежде надобно решить - куда идти?»). В этих строках мы видим личность, полную благородных стремлений, человека мечтательного и

порывистого. Для молодости характерно критическое отношение к себе, сила, энергия, оптимизм.

Это период жизни, когда человеку кажется, что он способен «перевернуть землю», ему «море по колено», он безгранично уверен в себе, глубоко оптимистичен и романтичен. Молодость – это время исканий: куда идти, к чему приложить силу. Молодой человек, герой поэмы «Заблудшая жизнь», задавшись целью получить образование, мысленно выбирает будущую профессию (врача, учителя, агронома и др.). Юноша переносится мысленно в будущее, в мир равноправия и свободы, когда все таланты будут служить прогрессу. Автор считает, что взрослые должны помочь молодым людям найти свое призвание, найти место в жизни, зажечь в их сердцах мечту служения человечеству. Идея о возрастной периодизации, выдвинутая поэтом-демократом, ее научное обоснование в целом – новое явление в истории казахской психолого-педагогической мысли, ибо в произведениях предшествующих ему казахских мыслителей (Бухар жырау, Шал ақын, И. Алтынсарин, А. Кунанбаев и др.) мы не находим столь пристального внимания, научного подхода к возрастным особенностям людей в чисто психологическом плане. В произведениях С. Торайгырова можно встретить и ряд других психологических раздумий, которые так или иначе в свое время волновали еще А. Кунанбаева и Ш. Кудайберды улы. Поэтому мы сочли нужным на них не только остановиться, но и проанализировать их более подробно.

Таким образом, казахская психологическая мысль первой четверти XX века (Ш. Кудайберды улы, С. Торайгырова и др.), продолжая традицию своих предшественников, вносит весомый вклад в арсенал отечественной науки об обучении и воспитании, являясь как бы своеобразным мостом при переходе к следующему, качественно новому этапу становления научной психологии в Казахстане.

Орта ғасырлық ғұлама ғалым Мұхаммед Хайдар Дулатидің (1499- 1551) психологиялық көзқарастары

Мұхаммед Хайдар Дулати (1499-1551) орта ғасырдағы қазақ ғалымы. Ұлы жүздің Дулат тайпасынан шыққан Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарихи Рашиди» («Рашидтің тарихы») атты шежіресінде сол кездегі көшпелі қазақтардың өз көршілерімен қарым-қатынасы, олардың тыныс-тіршілігі суреттеледі. Осы шығарманың қазақ тарихына қатысты тұстарын В.В. Веняминов-Зернов (1830-1904), сондай-ақ жекелеген үзінділерін қазақтың белгілі тарихшысы С. Асфендияров (1889-1938) та тәржімалаған. Шежіренің нұсқалары Ленинград пен Душанбе кітапханаларында сақтаулы. «Тарихи Рашидиде» көтерілген басты мәселенің бірі – Сейіт хан мен Мұхаммед Хайдардың, Қасым ханның орда-

сында қонақ болған кезінде сұхбаттасқан түрлі тақырып төңірегіндегі әңгімелері. Мұнда көшпелі дала тұрғындарының әдет-ғұрып, әлеуметтік-психологиялық, этнографиялық ерекшеліктері сөз болады. Мына төмендегі шағын үзіндіде сол кездегі қазақ халқының этностық ерекшелігі, өзіндік психологиясы жақсы көрсетілген: «...Біз – даланың халқымыз, бізде сирек ұшырасатын, қымбат заттарымыз жоқ, дүние жиһаздарымыз да көп болмайды. Ең басты байлығымыз – жылқы, оның еті мен терісі біздің ең тәуір тамағымыз бен киіміміз... жерімізде бау-бақша да, ғимараттар да жоқ, біздің көңіл көтеретін жеріміз – малдың жайылымы мен жылқы үйірі, сондықтан біз жылқыға көзіміз тоймай қызыға қарап тамашалаймыз... Дала адамдарына жылқысыз өмір қараң қалған өмір... Біздегі ең көусар ішімдік жылқының сүті және одан жасалатын сусын – қымыз... егер де менің өтінішімді орындаудың ең жақсы жоралғысы не деп сұраса, онда Сізді меймандостықпен құрметке бөлеуді айтқан болар едім». Мұхаммед Хайдар Дулати сол кездері құрыла бастаған Қазақ хандығының күш-қуатын ерен тұлғалардың, аса қабілетті басшылардың қадір-қасиеттеріне қарай таразылайды. Оның ойынша, білікті ел басшысы – мемлекет күштілігінің тұтқасы. Автор осындай ерен тұлға қатарына Қасым ханды жатқызып, «Қасым салған қасқа жол» деген ұлағатты сөздің мән-мағынасын түсіндіреді. Қасым хан билік құрған кезде Қазақ хандығы өзінің саяси-әлеуметтік қуатымен бүкіл Еуропа жұртына мәлім болғаны белгілі. Хандықтың территориясы батыста Сырдарияның оңтүстік жағалауынан басталып, оңтүстік-батысы Түркістанға дейін жетіп, оңтүстік-шығыста Жетісудың солтүстік бөлігіндегі таулы алқаптарды қамтыған. Хандық халқының саны бір миллионнан асып, орыс князі Василий III бірінші болып онымен дипломатиялық байланыс орнатқан. Қасым хандық құрған кезде ел басқару ісінде қолданылатын әдет-ғұрып заңдарының ережелері жасалды. Бұл заңда көтерілген мәселелер: 1) жер, мал-мүлікті иемдену мәселесі; 2) ұрлық, кісі өлтіру, талау, шабу, ойран салған кісілерді жазалау тәртібі; 3) әскери заң (қосын жасау, аламандық індет, ер-азамат құны); 4) елшілік мәселесі (халықаралық қатынастағы әдептілік, сыпайылық, шешендік өнер); 5) жұртшылық заңы (түлен тарту, ас, той, мереке үстінде қолданысқа түсетін ережелер, жасауыл, тұтқауылдардың міндеті). Қасым салған қасқа жолдың заңдары ешбір өзгеріссіз XVII ғасырға жетіп, Есім ханның (1595-1693) кезінде ол «Есім салған ескі жолға» жалғасты. Мұхаммед Хайдар Дулатидің ел басының психологиясы жайлы айтқандарына қысқаша талдау жасайық. Орта ғасырда Шығыс Аристотелі атанған Әбу Насыр әл-Фараби елбасының бойында 18 қасиет болу керектігін айтқан. Осы іспеттес тұжырымға 5 ғасырдан кейін Мұхаммед Хайдар Дулати да оралыпты. Оның пікірінше, ел басқару – қыры мен сыры мол, ерекше өнер. Басшы – қажырлы, салиқалы, терең ақыл-парасатты, зерек те зерделі, әрдайым ел тыныштығын, халық қамын ойлайтын ерен тұлға. Басшының сарқылмас ерік-жігері, нәтижелі іс-әрекеті оның ақыл-ой парасатымен ерекше ұштасады. Оның бес аспаптылығы, адам жанын жазбай танитын абзал қасиеті ылғи да көзге түсіп, жұрт көңілінен шығып тұрады. Басшы адам өзге көрмегенді көре алады. Онда өзін елге беделді ететін небір тамаша қадір-қасиет мол. Ол өзінің жайсаң мінезділігімен, батылдығымен ерекшеленеді, бүкіл өмірін халық тағдырына бағыштап, осы мақсатына жету жолында бұлтартпайтын шешім қабылдап отырады. Осындай қасиеттері бар адамның іс-әрекеті қылыш пен садақтың оғынан әлдеқайда асып түседі.

Тіршіліктің сан қилы талабынан туындайтын өзекті мәселелерге ерекше мән беріп, ол жөнінде жұртпен кеңесіп, олардың көзқарасын ой таразысына салып, керектісін алып, келеңсізін ауаға жайылып кетпеуін, қыңыр, қырсық адамдардың пікірінен ел ішінде алауыздық пен араздық туатындығын алдын ала топшылап, бұларға жол бермеуді қарастырады.

Мұхаммед Хайдар Дулати ел басшысына тән осындай қадір-қасиеттерді дәріптеп, бұларды келер ұрпаққа аманат етуді ойластырған сияқты. Ғалымның пікірінше, ел басшысы өзінің бар күш-қуатын өз халқының мүддесі үшін жұмсауы тиіс. Оның жаны ізгілікке толы болуы шарт. Көздейтіні – байлық емес, жарқын болашақтың асқаралы шыңына ұмтылу.

Мұхаммед Хайдар Дулати пікірінше, жарқын болашақтан үмітін үзбеген ел басшысын көпшілік әр кез қолдайды, соңынан ереді. Жұрттың көңілінен шыққан басшы ғана елді дұрыс басқара алады. Елді басқарудың ең негізгі мәні – халық сеніміне шүбәсіз ие болу, өзіне әділдік пен ізгілікті, қайырымдылықты серік ету. Ол болашақты, жақсы заманды қиялдаушы ғана емес, сол үшін бар өмірін сарп етіп, соған жету үшін маңдай терін төгетін адам. Тегінде, мейірімді жүзінен нұр шашқан елбасы елге – құт, ал жаман басшы – жұт. Ерен басшы текті келеді, ол – көпті көрген, ез бен ерді бірден ажырататын, жұрттың бос қолпаштауын қажет етпейтін адам. Мұндай тұлғалар туралыққа, әділдікке, адалдыққа, шындыққа ерекше мән береді. Бұлардың басты кредосы – дін мен сенім. «Дін мен сенімді медет тұтқан адам ғана ұлағаттық атты иеленеді». Дін мен сенім – биліктің қос бабы. Ол – тұлғаның ары мен намысы, ел алдындағы парызы мен қарызы.

Дін мен сенім жүрген жерде тірліктің түбірі мықты болады. Дулатидің дін туралы, әсіресе дін психологиясы жайлы көзқарастары арнайы зерттеуді қажет етеді. Ғұламаның бұл бағыттағы ізденістеріне зер салсақ, одан біраз мағлұматтарды аңғаруға болады. Бұл туралы белгілі ғалым М. Мырзахметұлы: «Сол кездегі ислам дінінің Орта Азиядағы жағдайы, қоғамдағы саяси-әлеуметтік күрестегі орны, түрік халықтары арасында кеңінен таралған Нақышбандия, Насауия, Уванш ордендері мен теріс жолға түскен «Нурбахши», «Шамасин» секталары туралы, яғни жалпы суфизм жайлы терең ойлар қозғап, көп нәрселерден хабардар етеді», - дейді. Мұхаммед Хайдар діни қызметкер болмаса да, сол кезеңдегі қоғамның рухани болмысын терең сезініп, ислам діні мен сопылық ағымның табиғатына, дін жолындағы ғалымдардың жазғандарынан хабардар болғаны байқалады. Сол себепті ғұлама шығармасындағы ислам діні мен сопылық жайлы ой-танымың, ірі шейхтер мен маулана атанған діни ғалымдар жайлы пікірлерін ғылыми тұрғыдан танып білудің айрықша мәні бар деп білеміз. Дулати негізінен сопылық жолдағы шейхтер мен ғалымдарға біраз тоқталып, олар жайлы деректерді жиі келтіреді. Ғұлама шығармасы арқылы шейх, имам, мауланалар (молдалар) өмірі, олардың ұстанған діни ағымдары жайлы біраз мағлұмат алуға болады. Дулатидің еңбегінде көбінесе сөз болатын ғұламалар: Абдрахман Жами, Әлішер Науаи, Сайфи, Хафиз Али, т.б. Шығармада Абай көп айтатын ғұлама – Диуани туралы біраз мағлұмат беріледі. Мұхаммед Қазидің «Сисилет ал-арифин» («Генеология познавших истин») деп аталатын еңбегі кезінде сопылардың қажетті құралына айналған. Дулати Мұхаммед Қазифа сопылық жайында сұрақ бергенін, оның қайтарған жауабын өз рисаласында баяндап кеткен. Мұхаммед Хайдар Дулати өз пікірлерінде Мұхаммед Қазидің

мемлекетті басқарудың он түрлі шарты мен он жеті түрлі ауыр күнә болатыны туралы ойын талдаған. Бұдан оның дін мәселесінің кейбір пікірталас жақтарын көпшілікке түсіндіруге тырысқаны байқалады. Сонымен бірге дала ойшылының шейттер мен сунниттер арасындағы қайшылыққа көңіл бөлуі де оның дін мәселесіне терең зейін қойғанын байқатады. Мысалы, «Тарих-и-Рашидидегі» мына бір оқиғаның сипатталуы көңіл аудартады. Исмаил шахтың ғұлама Шаих әл-Исламды шейттердің құрамына кірмегені үшін азаптап өлтіруін Дулати айтқан діни танымдағы қарама-қарсылықтың көрінісі ретінде қарастыруға болады. Мұхаммед Хайдар Дулати Моғолстандағы шейттер, сунниттердің діни өмірі мен сопылық ағымның іс-әрекетін көрсетумен бірге Тибет пен Кашмирдегі діни қозғалыстардан да мәлімет беріп отырады. Кашмир жеріне Ирак елінен келген Шамс атты ғұламаның діни қағидаларына көңіл бөліп, мұның суннит пен шейт діни ағымынан бөлек екенін көрсетеді. Ғұлама ғалым ел басшысына қажетті қасиеттерді былайша тұжырымдайды: біріншіден, өзің ойлап тапқан істі аяқсыз қалдырмау; екіншіден, аңдыған арсыздарға өзіңді алдырмау. Бұл кісіден үлкен қажыр-қайратты, асқан құдіреттілікті қажет етеді, үшіншіден, ел басшысы өзінің жарлығы мен бұйрығының орындалуын қадағалауға ерекше мән беруі керек. Мұхаммед Хайдар Дулатидің пікірінше, қоғамдағы аурудың негізгі көзі адамның күнәһарлығына келіп тіреледі. Күнәһарлық үйде де, түзде де, қоғамда да өте бір келеңсіз, сұрқия қасиет. «Күнәһар адамдарға кімдер жатады?» деген сауалға ғұламаның берген жауабы тайға таңба басқандай. Біріншіден, бұлар ата-тегі, шыққан діні мен ділінен бейхабар адамдар; екіншіден, ар-намысын жоғалтып, әділеттік үшін күресте бас сауғалап, бұғып қалғандар; үшіншіден, адамдардың тыныс-тіршілігіне немқұрайлылықпен қарап, жетім-жесірлерді желеп-жебемейтіндер; төртіншіден, көзжұмбаилыққа салынып халық байлығын ысырап етіп, талан-таражға салатындар; бесіншіден, ата-анасының бетінен алып, олардың ақыл-кеңесін тыңдамайтындар. Бүкіл Шығыс еліне аты мәлім араб ғалымы Әбу-Талип Макки күнәнің 17 түрі барын айтқан. Мұхаммед Хайдар Дулати осы мәселені қайтадан көтеріп, бұларды кеңінен талдауға алған. Ғұлама күнәнің 17 түріне сипаттама береді. Мәселен, күнәһарлықтың төртеуі жүрек қызметіне байланысты туындайды дей келіп, оған көп құдайға табынушылықты да жатқызады. Мұсылман адам тек бір құдайға табынып, құдай бір, пайғамбар ақхақ деп танығаны абзал. Өсек-өтірікті судай ағызу, суайттыққа салыну, жалған ант беру, жазықсыз адамға құр бекер айып тағу, дуалықпен шұғылдану да күнәһарлыққа жатады. Қолмен істелетін күнә екеу. Бұлар – ұрлықпен айналысу, біреудің қанын жазықсыз төгу. Күнәһарлықтың келесі бір түрі – зинақорлық, яғни ойнасқорлыққа салыну. Күнәнің үлкен түрі жетім-жесірлердің мал-мүлкін иемденіп кету, сондай-ақ қолдағы барды ысырап етіп, орынсыз шашып-төгу. Соғыс даласынан қашқан қорқақтар да күнәһар болып табылады. Пайғамбар хадистерінде «соғыста шейіт болған адам бар күнәсынан арылады» делінген. Күнәнің енді бір түрі – ата-ананы тыңдамау, олардың тілін алмай зар қаққызу. Тәнін таза ұстамайтындар да, өздігінен тәртіпке бой ұсынбайтындар да күнәһарлар болып табылады. Әлеуметтік психология тұрғысынан Мұхаммед Хайдар Дулатидің ел басшысына қоятын 10 шарты да ерекше көңіл аударарлық. Бұлар: өзін басқа біреудің көзқарасы тұрғысынан байқау, мұсылманшылықты ерекше қадір тұту, сән-салтанатты қумау, қарапайым адамның өмір салтын

ұстану, халыққа қатаң болып зәбір көрсетпеу, өзіне деген халық назарын қоздырмау, елді қауіп-қатерге орынсыз ұшыратпау, діндар адамдармен ақылдасу, дандайсушылық пен жемқорлыққа салынып, халықты өзінен үркітіп алмау, әскер басшылары мен уәзірлердің рахымсыздық қасиеттеріне жол бермеу, ылғи да келелі істің түбірі мен түйінін тауып, көрегендік көрсету. Екінші, үшінші шарттар дін өкілдерінің пікірлеріне құлақ тұру, дүние-мүлікті ағыл-тегіл ысырапқа **ұшыратпау**, сән-салтанат құмау, қарапайым адамның тұрмыс-салтын ұстануға келіп тірелсе, төртінші шарт халыққа орынсыз қатаң болып, кез келгеннің сөзіне ермеу, кедей-кепшікпен пікірлесуден арланбау, жеңілтектікке салынбау сияқты этикалық мәселелерді алға тартады.

